

Д. Оспанова 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
e-mail: dana.zhanabek@mail.ru

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ЭМОТИВТІЛІГІНІҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақала тілдегі эмотивтілік және лингвомәдени кеңістіктегі адам эмоциясын зерттеу мәселелеріне, соның ішінде фразеологизмдердің эмотивтілігін зерттеуге арналған. Автор эмотивті код, адам эмоциясының көрінісі және оны білдіру жолдары ұғымдарын қарастырып, эмотивтілікті зерттеудің жаңа бағыттағы тәсілдемелерін талдайды. Мақалада қазіргі тіл білімі, шығыстану саласындағы жаңа парадигмаға сай, психологиялық, лингвомәдени сипаттағы зерттеу, түркі тілдеріндегі тілдік және мәдени ортақтықтарға назар аударылады. Сол арқылы жаһандану, мәдени байланыс дамыған замандағы өзекті орынға шыққан аударма, ұлтаралық қатынас, түркі тілдерін зерттеу мәселелеріне қатысты тұжырымдар берілген. Мақаланың негізгі мақсаты – сөздің эмоционалдық мазмұнының алуандығын сипаттап, қазіргі тіл білімінде және лингвомәдени аяда тілдің эмотивтік кодын зерделеудің маңызын түркі тілдері материалдары негізінде көрсету. Соған орай, нысан эмотивті фразеологиялық бірліктер болғандықтан, этно-мәдени экспрессивті мәнді компоненттермен келетін фразеологизмдер басты назарға алынған. Мақалада қазақ, азербайжан және түрік тіліндегі фразеологиялық бірліктер және олардың эмотивтік, дискурстық, прагматикалық мәні салыстырылып, талданады. Сондай-ақ түркі тілдеріндегі эмосемаларды өзге де тілдердегі, атап айтқанда, ағылшынша баламаларымен салғастыру әдісі де қолданылады. Жұмыс нәтижесінде қазақ тілінің және түркі тілдерінің эмотивті сөздері (фразеологизмдер) талданып, олардың сөз актісіндегі орны мен оны зерттеудің мәні ашылды.

Түйін сөздер: қазақ фразеологизмдері, түркі фразеологизмдері, фразеологиялық бірлік, фразеологизмнің эмотивтілігі, эмотивтілік.

D. Ospanova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan
e-mail: dana.zhanabek@mail.ru

Study of the emotionality of phraseology in general and turkic linguistics

The article studies human emotions in the emotional and linguacultural space, particularly focused on the study of emotional intensity of phraseology. The author considers the concepts of emotional codes, human feelings and ways of expressing them, and analyzes new approaches to the study of emotionality. The article deals with the study of psychological, linguistic and cultural character, linguistic and cultural communities in the Turkic languages in accordance with the new paradigm in the field of modern linguistics, Oriental studies. The author will draw conclusions concerning the issues of translation, interethnic communication, the study of Turkic languages that have become relevant in the era of globalization, the development of cultural ties. The main purpose of the article is to describe the diversity of the emotional content of the word and show the importance of studying the emotional code of the language in modern linguistics and linguocultural context based on Turkic languages. Therefore, since the object is an emotional phraseological units, the focus is on the phraseology that comes with the components of ethno-cultural expressive meaning. The article compares and analyzes phraseological units in the Kazakh, Azerbaijani and Turkish languages and their emotional, discursive, pragmatic meaning. The method of comparing emosems in Turkic languages with their equivalents in other languages is also used. As the result of the work were analyzed the emotional words (phraseology) of the Kazakh and Turkic languages and were revealed their place in the speech act and the significance of scrutinizing these elements.

Key words: Kazakh phraseological units, Turkic phraseological units, phraseological units, emotional intensity of phraseological units, emotionality.

Д. Оспанова

Евразийский Национальный университет имени А.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан
e-mail: dana.zhanabek@mail.ru

Изучение эмоциональности фразеологизмов в общем и тюркском языкознании

Статья посвящена проблемам изучения эмоций человека в языке и лингвокультурном пространстве, в том числе изучению эмоциональности фразеологизмов. Автор рассматривает понятия эмотивных кодов, человеческих чувств и способов (способов) их выражения, анализирует подходы к изучению эмотивности в новом направлении. В статье рассматривается изучение психологического, лингвокультурного характера, языковых и культурных общностей в тюркских языках в соответствии с новой парадигмой в области современного языкознания, востоковедения. Автор делает выводы, касающиеся вопросов перевода, межнационального общения, изучения тюркских языков, ставших актуальными в эпоху глобализации, развития культурных связей. Основная цель статьи – описать многообразие эмоционального значения слова, показать на материале тюркских языков важность изучения эмотивного кода языка в современной лингвистике и лингвокультурной сфере. В связи с этим, поскольку объектом являются эмотивные фразеологизмы, то основное внимание уделяется фразеологизмам, представляющим собой этнокультурные экспрессивно-значимые компоненты. В статье сравниваются и анализируются фразеологизмы на казахском, азербайджанском и турецком языках и их эмотивное, дискурсивное, прагматическое значение. Также используется метод сопоставления тюркоязычных эмосем с аналогами других языков. В результате работы были проанализированы эмотивные слова (фразеологизмы) казахского и тюркских языков, раскрыто их место в речевом акте и предмет его изучения.

Ключевые слова: казахские фразеологизмы, тюркские фразеологизмы, фразеология, эмотивность фразеологизма, эмоциональность.

Кіріспе

Эмоциялар – кісінің жеке және әлеуметтік өмірінің айнаымас бөлігі. Ал тіл – ішкі дүниемізді сыртқа шығарушы, сөйлесушімізбен бөлісудегі басты дәнекер десек, әрбір тілде ішкі рухани дүниені бөлісуге арналған эмоциялық бірліктер де бар. Түркі тілдері бұл бағыттағы бірліктерге, құралдарға бай әрі сан қырлы. Күнделікті қарым-қатынаста ішкі эмоцияны білдіруге қолданылатын тіл элементтері (сөйлем, тіркес, фразалар, мақал-мәтелдер, одағайлар, т.б.) түркі қоғамының мәдениетін ортаға шығара отырып, сөзге (айтылым) белгілі реңк, әсер қосатыны белгілі. Осы орайда эмоцияның білдіруде фразеологизмдердің ролі мен оны зерттеу маңызды орынға шығады.

Барлық адамның өміріндегі эмоцияның мәнін дәл көрсету үшін ғалымдар адамның эмоционалды нөлдікте болатын күйін де қарастырған екен. Эмоционалды нөлдік дегеніміз – сыртқа шығарылмайтын, тіпті адамның ешқандай эмоцияны бастан кешірмейтін күйі. Яғни коммуникацияда да эмоцияның болмауы. Осыған байланысты психологтар мен физиологтардың да сөйлеуші / сезінуші адамның бұл күйінен эмоционалды интеллектінің болмауын, яғни эмоционалды керендік деп аталатын күйін ажыратып көрсетеді. Мұндай адамдармен тілдесу, байланыс құру мүмкін емес. Оны тілдік тұлға не эмоционалды-

коммуникативтік тұлға деп атай алмаймыз. Демек осындай шарттарда құрылатын тілдік қатынас не тілдік қатынастың құрылмауына, оның өрбуінде, дамуында, нәтижесінде эмоцияның да атқарар ролі зор. Себебі біз мән бермегенімізбен, сөйлеу кезінде әр сөзді эмоциямызға, жағдаятқа сай таңдап отырамыз. Сол арқылы ішкі ойды әсерлі жеткізуді көздейміз. Ал ол көздеген мақсатымызға жетудің бірден бір жолы – тілдің, сөздің эмотивті реңін ажырату. Тілдік қарым-қатынас кезінде сөзді түсіну, ойды қорыту, айтылған нәрсені сол эмотивті күйінде түсіну үшін айтушы әрқашан лебізіне қарай таңдалған сөздерді анықтау да қазіргі парадигмалық зерттеулердің мақсатына айналуы тиіс. Бір тіл ішіндегі эмотивтілікті зерттеп қоймай, түркі тілдері байланысына шығып, салыстыру шеңберін кеңейту ғылымға жаңаша ізденіс, көзқарасты дамыту тұрғысынан да ерекше үлес қосары сөзсіз. Мақалаға арқау болған түркі тілдеріндегі фразеологизмдердің эмотивтілігін анықтау, салыстыру ісінің практикалық мәні де адам мен адам арасындағы дұрыс әрі түсінікті байланыс құру тетіктерін зерделеуімізде жатыр.

Тақырып таңдауды дәйектеу, мақаланың мақсаты мен міндеттері

Адам қарым-қатынас кезінде де, ішкі сөйлеу, тіпті жазбаша сөйлеу кезінде де эмоционалды

күй кешеді: қуанады, шабыттанады, ренжиді, т.б. Осы көңіл күйі мен ішкі ойымыздың барлығы дерлік тілімізде түрлі дәрежеде көрініс табады. Сондықтан эмоциялар мен сезімдер физиологтар мен психологтардың ғана емес, тілтанушылардың да бұл бағытты терең зерттеуін қажет етеді. Сол себепті де ұлттық-мәдени ерекшеліктердің, тілдің эмоционалды қырының басты қайнаркөзі тілде бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып, ұлт санасына сіңген фразеологизмдердің эмотивтілігіне назар аударып, тақырыпқа да қазақ және түркі тілдеріндегі эмоционалды фразеологизмдердің зерттелуін арқау еттік.

Мақалада осы тақырыпты қозғаудағы басты мақсатымыз – осы бағытта пайда болып, жеке сала ретінде іргесі қалана бастаған эмоция тілтануы, тіл біліміндегі жаңаша, эмотивті тәсілдеме жайында, оның лингвомәдени аядағы орнын сөз етіп, қазақ, түрік және эзербайжан тіліндегі эмотивті фразеологиялық бірліктерді талдау. Осы мақсаттың мүддесінен шығу үшін де зерттеу жұмысымызда мынадай міндеттер алға қойылды:

- түркі тілдеріндегі фразеологизмдердің эмотивті қырын көрсететін бірліктерді жинақтау;
- фразеологизмдердің әртүрлі эмоцияны нақты беруде, білдіруде атқарар рөлін анықтау;
- мысалға таңдалып алынған бірліктердің эмотивтілігін дәлелдеу;
- тақырыпта көрсетілген мәселенің өзектілігі мен маңыздылығын көрсету, соған сай тұжырым шығару.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы мен материалдары

Эмоцияны білдіру – бұл күнделікті қарым-қатынастың негізгі бөлігі саналатын және адамның психикалық, физикалық күйін қалыпта ұстауға көмектесетін маңызды әлеуметтік іс-әрекет. Эмоцияны дұрыс көрсету (тілмен) және эмоцияны түсіну маңызды. Бұдан басқа эмоциялар вербалды қатынас негізінде болатынын да айтуға болады. Ғалым В.И. Шаховский айтқандай, әуелі сөз емес, эмоция пайда болған. Әуел бастан алғашқы және кейінгі номинациялардың негізі адам эмоциясынан тараған. Егер бізде сөйлеуге итермелейтін күш (мотивация) болмаса, біздің сөйлеуіміз сөзсіз шектеулі болар еді (Foolen, 2015). Демек эмоция деген – адамға бірдене айттыратын, қарым-қатынасқа түсіретін күш. Г. Стерннің сөзімен келтірсек, «егер маған бәрібір болса, мен мұны айтпас та едім». Егер сөйлеуші оны тыңдап

отырған кісіні айтар әңгімесі қызықтырмайтынын сезінсе, ол әңгімені жалғастыру да қиынға соғады. Сонда эмоция екі бағытта қызмет етеді. Яғни айтушыны сөйлететін күш те болуы керек, тыңдаушы да оны қабылдауға дайын болуы керек. Осыған орай, шығыстану саласында түркі тілдері арасында мәдени ұқсастықтар мен алшақтықтардың бірден-бір көрінісі тілдегі эмоцияны білдіретін бірліктер, олардың әртүрлі мәдениет өкілдері тарапынан қолданылу ерекшеліктері, бейтарап реңкті сөздердің сөйлеу кезінде эмотивке айналу үдерісі зерттелуді қажет ететін мәселелерге айналып отыр. Оның бір себебі – қазіргі ғылыми парадигмалар тоғысында ғылымда тілдік бірліктердің пайда болу, бір тілде орнығу, бір сөздің әр тілде әртүрлі реңк алуы, бір сөздің бірнеше тілге алуан мағынамен енуі, сөз түзушінің ойы мен сөзінің арақатынасы сынды тілдік-психологиялық құбылыстарды зерттеуге ерекше ден қойылуы екені даусыз. Дәл осы бағыттағы зерттеулер мен тұжырымдар ғылымда тіл білімінде эмоция лингвистикасы деп аталатын саланың пайда болуына себеп болды. Қазіргі таңда іргесі қаланып үлгерген эмотивті лингвистика саласы бойынша шетелдік зерттеулер қатары ұлғайып, енді бір тіл шеңберінен шығып, эмотивті бірліктер бірнеше тіларалық, мәдениетаралық деңгейде зерттеле бастады.

Эмоция лингвистикасы өз зерттеу бағыты жағынан лингвистердің (М.Бреаль, К.Бюлер, ванн Гиннекен, Э.Сепир, Г.Гийом, Ш.Балли т.б.) лингвистика ғылымы эмоционалды құрылымдармен айналысуы керек пе деген екіжақты көзқарасында қалып отыр. Бір топ ғалымдар эмоционалды құрылымдарды зерттеуді тілден тыс деп санаса, екінші бір топ (Ш.Балли, ванн Гиннекен, М.Бреаль) эмоцияның бейнеленуін, білдірілуін тілдің орталық қызметі деп есептейді.

М. Бреаль сөз (айтылым) ойластырылмаған пікір мен пайымды және хабарды сипаттау үшін емес, ішкі ниетті білдіру, ұйғарым жасау үшін туады, ал бұлар эмоцияның ілесуінсіз мүмкін емес дейді (Shaxovskij, 2010: 15). Ғалымның сөзінен де сөйлеушінің ойы нақты білдіруінде эмоцияның рөлі зор екендігін байқаймыз.

Эмотиология бағытында ерекше зерттеулер жүргізген ғалымдар қатарында В.И. Шаховский, А. Вежвицкая, Э.С. Азнаурова, С.Б. Берлизон, И.В. Арнольд, Е.М. Галкина-Федорук, М.Д. Городникова, В.А. Мальцев, Н.М. Михайловская, Н.М. Павлова және т.б. атай аламыз. Осы аталған ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдарын өз мақаламызда пайдаланып, тұжырым жасауда дәлел ете аламыз.

Осы зерттеуімізде берілген тұжырымдар мен мысалдар арқылы эмотивтілік ұғымының лингвистика ғылымына қатысы бар ма деген сұраққа жауап табамыз. Кейбір лингвистер лингвистикадағы эмотивтілікті жоққа шығарады. Мәселен, Е.М. Галкина-Федорук тілде эмоционалды лексика болмайды деген болжам жасайды. В.А. Звегинцев эмоциялар тіл құрылымына кірмейді деп есептейді. Ал Ш. Балли тілде бәрі эмоционалды деген пікір білдіреді. В.Г. Гак та барлық айтылымдар эмоционалды десе, Е.Ю. Мягкова тілдегі барлық лексика, сөз эмоционалды деп санайды. (Shahovskij, 2010: 41).

В.Н. Телия эмотивтілік немесе эмотивті коннотацияға былай анықтама береді: «Эмотивтілік – бұл психологиялық күйзеліс тудыратын мағына негізінде жатқан образға деген эмоционалды реакция іздері ғана емес, мәдениет ұстанымдары мен «идеалдарының» категориалды кеңістіктігіндегі образдық негіз интерпретациясының нәтижесі, бұл қондырғылармен үйлесім жағымды эмоциялар шоғырында туындайды (мақұлдау диапазонының қатынасында), ал үйлесімсіздік мақұлдамау, жағымсыз эмоция аясында болады (Teliya, 1996: 212).

Осы материалдар мен тұжырымдарды талдап, талқылау, мақала мақсатына жету үшін тілдің негізгі әдістері салыстырмалы-тарихи және сипаттау әдістерімен қатар, психолингвистикалық амалдар, лингвомәдениеттанымдық талдау жұмыстары да жүргізілді.

Әдебиеттерге шолу

Фразеологиялық бірліктер нысанды, затты, құбылысты, әрекетті атау немесе әсерлі сипаттау үшін емес, сондай-ақ айтушының ішкі сезімін, эмоциялық деңгейін таныту, көңіл күйін білдіру және эмоционалды жағдайын сезіндіруде үлкен рөл атқарады. Фразеологизм адамның ішкі сезімі мен бағалауын көрсетеді.

Қазақ фразеологиясының ғылыми пән ретінде қалыптасуы ұлт тілінің өзіндік ерекшеліктеріне, дамуы мен толығуына, мәдени тарихына байланысты. Бұл салада В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий», Л. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» еңбектерінде қазақ тілінен жиналған мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер тобы кездеседі. Фразеологизмдер сөйлеу және жазба тілде бағалаушылық қызметімен ерекшеленіп, өзіндік бейнелі, эмоционалды-экспрессивті жағынан айтушы мен тыңдаушы арасында жай хабарла-

су, ойды көркем жеткізу ғана құралы емес, түрлі сезімдік жақтарына әсер ету мүмкіндігіне ие болатын бірліктер ретінде танылады (Smagulova, 2020). Фразеологизмдердің мұндай ерекше қасиетіне қазақ тіл білімінде І. Кеңесбаев назар аударған. Алғаш рет «Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары» атты еңбек (Халық мұғалімі, 1946, №1-2, 39-42 б., №3-4, 42-50 б. және орыс тілінде жарық көрген «О некоторых фразеологизмах в казахском языке»), Х. Қожахметованың «Ғ. Мұстафин шығармаларындағы фразеологиялық оралымдар» атты кандидаттық диссертациясы (1967), аудармадағы фразеологиялық құбылыс туралы Ө. Айтбаевтың «М. Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің қазақ тілінде берілу жолдары» диссертациясы (1971), І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», С. Сәтенованың «Қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты» (1997) еңбектерін атауға болады.

Қазақұлттының мәдени өмірінің ерекшеліктері ретінде фразеологизмдер менталдық бірліктер деп аталады. Өйткені ұлт мәдениетін танытудағы рөлі айрықша назар аудартып, ерекше бағаланады. Сол бағытта фразеологизмдердің семантикалық категориялары талданып жаңа ізденістермен толықтырылды: «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері» (Smagulova, 1998), «Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы» (Avakova, 2003), «Түркі фразеологиясы» (Nurmakhanov, 1998), «Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны». Қазақ және монғол тілдерінің материалдары бойынша. (Sagidoldaeвна, 2003), «Салыстырмалы түркі фразеологиясы» (Kalybaeva, 2009) атты еңбектер. Аталмыш жұмыстар қазақ фразеологиясының теориялық мәселелеріне өзіндік үлес қосқан ғылыми еңбектер болып саналады (Smagulova, 2020).

Фразеология тіл білімінде жан-жақты зерттелген әрі бұл бағытта жазылған жұмыстар да мол. Ол қатарда Е.Д. Поливанов, Н.Н. Амосов, В.Л. Архангелский, М.Т. Тагиев, В.Н. Телия, Н.М. Шанский, В.М. Мокиенко, В.П. Жуков, А.В. Кунин сынды ғалымдардың психологиялық, педагогикалық, тілдік бағытта эмоция тақырыбына арналған еңбектері де мол. Аталған ғалымдардың еңбектері осы бағыттағы зерттеу жұмысымызда кеңінен қолданылады.

Талқылаулар мен нәтижелер

Түркі тілдерінде фразеологиялық бірліктер өте көп. Түркі тілдерінде көпжылдық тарих,

географиялық орын, климат, көптеген ұлттық және діни мерекелер, тұрмыс, дәстүр, салт, ырымдар өз ізін қалдырған деп анық айта аламыз, сонымен қоса әр түркі халқының да, мәселен, әзербайжан халқының қызуқанды, өр мінезін, менталитетін ескеруіміз керек.

Әзербайжан тілінде де фразеологизмдер біршама еңбектің зерттеу нысаны болды: Г.А. Байрамовтың «Основы фразеологии азербайджанского языка», Н.М. Худиевтің «Язык прозы Абдуллы Шанка (лексика и фразеология)», Ч.Г. Курбановтың «Диапазон лексических вариантов во фразеологии», А.С. Рагимовтың «Сравнительно-сопоставительный анализ английских и азербайджанских глагольных фразеологических единиц и способы перевода английских фразеологических единиц на азербайджанский язык», К.А. Мамедованың «Фразеологическая синонимия в современном азербайджанском литературном языке», М.А. Башированың «Структура и семантика диалектных фразеологических единиц азербайджанского языка (на материале дербентского диалекта)» еңбектері.

Фразеологизмдер лингвомәдени мәселе ретінде В.Н. Телия мен ізбасарларының еңбектерінде жан-жақты қарастырылған: М.Л. Ковшова, В.В. Красных, И.В. Зыкова, И.В. Захаренко, Д.Б. Гудков. Фразеологизмдердің мәдени мәні мен олардың «мәдени ізі» (Л.Иманалиева: «культурный след») олардың семантикалық талдауында анықталып отырды, әрине, ол өз табиғи түрде этимологиялық және лингвоелтанымдық салыстырмалар арқылы ашылды (Kovshova, 2012: 78). Фразеологиялық бірліктер мәдени қазынаға толы. Олар арқылы халықтың рухы мен мәдениеті бейнеленеді дей аламыз. Мысал келтірер болсақ, «Торғай» дегеннен *жүрегім зу ете қалды*. «Мына содыр бұлбұлды атып түсірген жоқ па?» деп ойладым ішімнен. *Жүгіріп барып қарасам, бармақтың басындай әнші құс шынымен-ақ ұшып түскен екен. Демін әрең алып жерде жатыр. Қаным басыма шапты* (<http://zhasorken.kazgazeta.kz/>). Мұндағы *жүрегі зу ету*, *қаным басыма шапты* фразеологизмдерінің жай күйден эмоциялық күйге ауысудың көрсеткіші бола алады. Әзербайжан тілінен мысал қарастырайық: «*Məktubi oxuduqda qanım başına vurdu // Xatımy oqyganymda, qanım bасыма ұрды (шапты) (М.С. Ордубади)*. Мұндағы «*qanım başına vurdu*» әзербайжан тілінде мазасыздық пен қатты ашуды білдіруде қолданылады. Сол сияқты бұл тілдегі «*qanadlanıb uşmaq*», «қанаттанып ұшу», «көкке ұшу» шабыттаны, қанаттану, қуану сезімін білдіреді.

Демек адамның барлық сөзі эмоциямен безендірілген. Адам әр уақытта белгілі эмоциялық күйде болады: сабырлы, жайлы қалыпта немесе керісінше. Сондай-ақ кісі қандай сөз сөйлегені оның қандай күйде тұрғанына байланысты. Яғни адам ылғи бір жағдаятта болады. Тіпті ол қуанышты, сабырлы қалыпта тұрған сәтте біреуден алған хабары әсерінен дереу басқа эмоционалды күйге көшуі мүмкін. Түркілер өмірінен мысал алатын болсақ, дәстүр бойынша отбасында сәби дүниеге келгенде, әсіресе ұл бала, үй іші бұл қуанышты күйімен тезірек көрші, туыстармен бөлісуге асығады. Ал бұл қуанышты хабарды алған адам оған сый (сүйіншісін) береді.

Мына жағдайды қарастырайық:

Ay Səhnə xala, ay xala, səhərin gözü açılmamış nə edirsən muştuluğumu ver; oğlun Əbdülhüseyn bəyin, gəlnin Şirinbəyim xanımın oğlu oldu.

Ay seni xoş gəldin, ay səni xəbər olasan, ay səni ağ günə çıxasan, gəl səni öpüm, yaman məni səvindiridin. Allah səni səvindirsin, bu açılan səhardən istəmişəm, sənə bir yaxşı yərdən qarı açılınsın, mən də gedim sənin ananı sevindiririm və muştuluqlayım, ay canım. – qızı öpdü, – Bir dəqiqə dəyan getmə, sənin muştuluğunu gətirim. Al bu kalağayını sal başına.

Сахна апа, ай, Сахна апа, сүйіншімді бер, сенің Әбдулхусейін ұлың мен келінің Шырынбейім ханым ұлды болды!

Қош келдің, әрдайым осылай тек қуанышты хабар әкелгейсің, бақытты болғайсың! Кел сені бір сүйейін, мені жаман қуанттың, Алла сені де қуантсын, әр таңымнан осыны сұраймын, алдыңнан тек ақ есік ашылсын, мен де барып, сенің анаңнан сүйінші сұрайын, бір қуантайын, ай жаным, – қыздың бетінен сүйіп, – Бір минут күте тұр, кетпе, сенің сүйіншіңді әкелейін. Мә, ал, бұл орамалды басыңа тағып ал.

Осы мысалдан тыңдаушының алған хабарына деген эмоционалды-бағалау әсері анық байқалады. Ішкі күйі тыныш қалыптан адам қуанышты жоғары көңіл күйге өтеді және бұл толқыныс, қуаныш, бақыт сезімі толықтай тілде көрініс тауып тұр. Берілген мысалдағы фразеологизмдер: *səhərin gözü açılmamış* /сөзбе-сөз: таң көзі ашылғанша// таң қылаң бергенде; *xoş gəldin, ay səni xəbər olasan* /қош келдің, жақсы хабар болғай // *səni ağ günə çıxasan* // ай-күнге шыққайсың // *baқытты болғайсың; sənə bir yaxşı yərdən qarı açılınsın* // әрдайым жолың ақ (ашық) болсын; *ay canım* // ай жаным. Яғни айтушы өз күйіне сай, ішкі қуанышын жеткізу үшін қолданған фразеологиялық бірліктерде эмоцияның дәл,

ашық көрінісі, мінез ерекшелігі, болмыс (менталитет), көңіл күй де қамтылып тұр.

Фразеологизмдер де эмотивтер ретінде түрлі жағдаятқа сай қызметте жұмсалады. Яғни бір фразеологиялық бірлік екі түрлі ситуацияда қолданылуы мүмкін. Мәселен, әзербайжан тілінде «sanı uanmaq» (сөзбе-сөз: жаны өртену, жану) ашу үстінде әрі жағдаятқа орай ең нәзік сезімді жеткізуге де қолданылып жатады.

– Canın yansın, səni gögün öləsən, yənə zəhrimara qalmış araq içib! // Құрып кеткір, жаның жансын, тағы да мына қарғыс атқыр арақты ішіпсің ғой!

– Au Canın yansın, au qız, nə gözəlsən! // Жаным, қандай әдемі едің!

Тілдегі эмоциялар әмбебап және өзіндік сипатқа ие. Бұл көзқарастың көптеген еңбектерден дәлелденгенін көре аламыз (Russel, Wierzbicka 1999, Harkins). Бұл пікірге қатысты Л. Альба-Хуэс, Т.В. Ларина мақаласынан мынадай мысал келтіре аламыз: *The term disgust in English has no exact equivalent in Polish, and concepts such as Japanese Amae (the feeling get from surrendering to another in perfect safety) or*

German Schadenfreude (the pleasure derived from another's displeasure) have no equivalent terms in other language (Russel 1992: 12). Ал А.Вежицкая ағылшын тіліндегі «sad» and «sadness» сөздерінің орыс тілінде де қайғы-мұңға қатысты ұзақтық пен қарқындылық айырмашылықтарын көрсететін нақты эквиваленті жоғын айтады (грусть, печаль, тоска). Ғалым Ларина ағылшын тіліндегі happy сөзінің орыс тіліндегі «счастливый» сөзіне қарағанда қолданысы мен мәні кең екендігін көрсетеді. Жалпы ғалымдардың көпшілігі көптеген тілдерде көңіл-күйді, ішкі сезімді білдіретін бірліктер сын есім емес, эмоцияны білдіруде етістіктердің белсенді қолданысқа еніп, эмотивке айналатынын дәлелдеген (Wierzbicka, 2001: 43). Сондай-ақ олардың берілу жолдарының да алуан түрлілігін ескерген жөн.

Эмотивтік қарым-қатынас әр тілде әртүрлі жүзеге асады. Зерттеушілер (Schwarz-Friesel, 2015) эмоцияны үш параметрмен сипатталатын психикалық үдеріс не күй деп қарастырады (1-кестеде):

1-кесте – Эмоцияның үш параметрі

Баға беру (жағымды не жағымсыз)	Баламның амандығы мен үшін бақыт; Көйлегің қандай әдемі! Сүйген жарымның қасында өзімді бақытты сезінемін.
Ұзақтық (эмоциялық күйдің сақталу уақыты, мөлшері)	Оның ашуы шай орамал кепкенше; Бір қырсықсаң, күнді көзің көрмейді екен. Естіген хабарынан күні бойы көкте қалықтап жүргендей болды.
Қарқындылық әртүрлі маркерлермен берілетін эмоцияның әлсіз, орташа және қатты деңгейде берілуі:	ол ыңғайсызданды, қатты ыңғайсызданды, өте қатты ыңғайсызданды, жерге кіріп кете жаздады. Әсел қуанды; қатты қуанды; қуанышында шек болмады; қуанғаннан көкке ұшып кетердей болды; қуаныштан есі кете жаздады.

Осыдан ғалымның эмоцияны бәрінен бұрын бағалаушылық функциясы бар білімнің ішкі күрделі жүйесі деп анықтайтынын байқаймыз. Расында берілген мысалдардан ұққанымыздай, эмоцияны зерттеу психологиялық не лингвистикалық бағытта болсын, олардың әрдайым ортақ ұқсастығы бар – бағалаушылық мәннің болуы.

Бұл пікірімізді түрік мәдениетіндегі мысалдармен толықтырар болсақ, түрікшеде «rahmetli olmak» (марқұм болу), «ölmek» (өлу), «gebermek» (жаны шығу – жағымсыз мағынада) сөздерінің адам қарым-қатынасында маңызды рөлі, өз қыры, психологиялық факторы бар эмоциялар-

мен қатысты күйді білдіретін әралуан мағынаға ие, соған сай қолданылады да. Бұл сөздердің эмотивті бірлік ретінде қолданылуы туралы D.Cüceoğlu өз мақаласында былай дейді: «... Bizler için bazıları «rahmetli» olur bazıları «ölür» bazıları da «geberir». Türkiye Türkçesi içinde duygu ve düşüncelerimizi ifade etmede kullanılmış olduğumuz bu kelime, icra modeli içerisinde yer almış bir çalışma dalı olan Psikolinguistik ve Sosyolinguistik anlamda Türkçe bir kelimedir» (Cüceoğlu: 52). Осылайша автор жоғарыда көрсетілген «қарқындылық» параметрінің тілдегі сөздердің ішкі сезіммен байланыстылығына назар аударады. Сонымен қатар тілдегі кірме

сөздер де эквивалент не синонимдер ретінде емес, эмотивті реңкі арқылы да тілден ерекше орын ала біледі. Мысалы, жоғарыда талданған «рахметлі» (қазақшасы: марқұм) сөзін кірме сөз болғандығы үшін қолданғымыз келмесе де, оның орнына «өлі» не «өлген» сөзін қолдана алмайтынмыз белгілі. Яғни осы мысалдардан-ақ белгілі бір тілдегі кірме, жаңа – қандай сөз болсын – бәрі де, тіпті бір мағынаны білдіретін сөздер де тілде, қолданыста өзіндік ерекше, әр лебізге сай қолданыс табатынын, сол әртүрлі лебізді білдіру үшін өмір сүретінін байқаймыз.

Түрік тілі мен қазақ тіліндегі тіркестерді салыстырып қарастырсақ, лебізге сай қолданыстарымызға сай келетіндей, мәселен, *ates almak* (толқу, өкпелеу, асығу) – жалын алу, от алу, өңі қызару, оттай жану, т.б.; *gök gibi gürlеууу şimşек gibi çakmak* (өкпе) – көк аспандай күркіреп, найзағайдай соғу; *çatık yüz* (çehre, surat) (өкпе) – өңі қашу, жүзі қуару, т.б.; *göklere çikmak* (бақыт) – көкте шарықтау, аспанда қалықтау, т.б.; *ağzı kulaklarında olmak* (қуаныш) – езуі құлағына жету; *gülmekten yerlere serilmek* (yatmak) – қуаныш, шаттық сезімін беретін сөздер. Осы жерден қазақ және түрік тілдерінде, жалпы түркі тілдерінде эмотивтердің реңі ұқсас, бір негізден тараған деген ойға келеміз. Дегенмен, айталық, түрік тіліндегі эмотивтер саны қазақ тілінен әлдеқайда басым болуы мүмкін. Сол арқылы әр тіл өкілінің өскен ортасы, ұлттық ерекшеліктері, тіпті географиялық аймағының жеке тұлғаның тіліне, сөз түзу ерекшелігіне тигізер әсеріне қарай бір тілдің бір тілден эмотивті реңі басым екенін айтуға болады. Оны санау мүмкін болмағанымен, ұлттық-мәдени сипатына сүйеніп, болжай аламыз.

Тілдің эмотивті семантикасы, прагматикасы – психолингвистиканың, психосемантиканың алаңына кіретін мәселе әрі бұлдыр семантикалық жиынтық. Неге бұлдыр? Оған В.Шаховский жауап береді: «...Да потому, что почти все слова языка могут стать в определенных условиях общения эмотивными, т.е. выражающими эмоции». Яғни тілдегі лексикалық бірліктердің сөйлеу кезіндегі эмотивті семантикасын шектеу мүмкін емес. Бір сөздің өзі жағымды-жағымсыз мағынадан бөлек, түрлі эмоциялық күйді білдіруге қызмет етуі мүмкін.

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасай аламыз. Лингвомәдени кеңістікте ешбір тілдің сөздік эмотивтердің нақты санын анықтау мүмкін емес, әсіресе функционалдық эмотивтердің. Әр сөздің реңі алуан: жағдаятқа қарай, адресаттардың бір эмотивті түрлі әсермен қабылдау жағдайына қарай,

продуценттің өз эмоциясын бейнелеу үшін таңдалған сөзіне қарай. Осы сынды мәселелер, эмоционалды түсінік пен эмоционалды айтылысты түсіну мәселесі терең зерттеуді талап ететінін байқаймыз. Себебі тілдік коммуникацияда эмоцияға толы сөз тыңдаушыға әсер етпеуі, не керісінше, эмоциясыз айтылған сөздің өз қабылдаушысын толқытып, тебіренгіп жіберуі де мүмкін. Яғни тілдегі бейнеленген эмоциялар мен іштегі күй әрқашан сәйкес келе бермейді. Олардың ассиметриясы мынадай: адам ішінде эмоциялық күй кешкенімен, сыртқа шығармауға болады; эмоциялық сезімсіз эмоцияны білдіруге болады; іштегі күй басқа, шығарылған эмоция басқа болуы мүмкін. Әрине, ол ассиметрия, әртүрлілікті біз ми-дене-қоршаған әлем динамикалық жүйесінен өрбіп, сезім-ой-әрекет құрылымы арқылы анықтай аламыз. Бұл ерекшеліктерді де жеке-жеке талдап, таразылау тағы бір зерттеу жұмысының нысаны болмақ.

Қорытынды

Тіл – өте күрделі прагматикалық әрі динамикалық жүйе десек, сол тілдегі эмоциялар да, эмоциялық ішкі жүйе де күрделі және динамикалы. Тіл білімінде лексикалық бірліктерді эмотивті қырынан (функционалдық, прагматикалық, психолингвистикалық, лингвомәдениеттанулық) зерделеуді эмотивті бағыт деп атай аламыз. Тіл адам эмоциясын түсіну және түсіндіру кілті: адам оны атайды, білдіреді, сипаттайды, пікір қосады, құрылымдайды, категориялайды, жіктейді. Тіл белгілі лингвомәдени әлемінің эмоционалды бейнесін ұйымдастырады.

Мақаламызда берілген дәйектердің барлығы тіл білімінде тілдің эмотивтілігін зерттеп, лингвомәдени кеңістіктегі эмотивті кодты ашудың қажеттілігін көрсетеді. Ғалымдардың болжауынша, қазіргі ғылымда «тіл және эмоция» мәселесін тәпсірлеу бірнеше бағыт шеңберінде жүзеге асады: құрылымдық-семантикалық, стилистикалық, прагматикалық, когнитивті, психолингвистикалық, лингвомәдениеттану. Мұндай көппарадигмалылық бұлсаланың нысанды бірден әртүрлі бағыт бойынша қарастырып, нысанға кешенді түрде мән беруге мүмкіндік береді. Ал тілдегі эмотивтілік – таза лингвистикалық сипаттан пәнаралық кешенділікке бет бұрған сүбелі ғылым салаларында қолға алына қоймаған тың да күрделі тақырып.

Қорыта айтқанда, тіл халықтың әлеуметтік өмірін ғана бейнелеп қоймайды, сонымен бірге оның мәдени дамуы мен кезеңдері де тілде

көрініс табады. Бұл дегеніміз – халықтың мәдени деңгейі оның тілінің даму деңгейімен өлшенеді деген сөз (Культурные коды в сознании и языке, 2015: 16). Фразеологизмдердің басты қайнар көзі халықтың салт-санасы, дәстүрі десек, оның ішінде діни ұстанымдар да ерекше сипат табады. Барша түркі халықтарының діни сенімдері, діни өмірі ислам дінімен байланысып жатқандықтан, діни мағынадағы фразеологизмдер (жолында жаным құрбан, фатихасын оқу, т.б.) де эмотивті қызметте жұмсалатыны сөзсіз. Сондай-ақ халық арасында кең таралған мақал-мәтелдер де осы

фразеологиялық бірліктердің қайнар бұлағы екені анық. Мақал-мәтелдерде халықтың – тіл өкілінің өмірлік философиясының барлық категориялары мен ұстанымдары анық бейнеленген деп айта аламыз. Демек фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің, жалпы тілдің эмотивті қырын жан-жанты талдап, зерттеу бұдан да көлемді еңбекті қажет ететіндігі сөзсіз. Осы сынды зерттеулер арқылы түркі тілдеріндегі ортақтықтар мен айырмашылықтар ортаға шығып, әр тілдің ерекшелігін, эмотивті мәнін ашуға жол ашылады деп сенеміз.

Әдебиеттер

- Cüceoğlu D. (n.d.), «Dil psikolojisi yönünden kelime türetme», [Derivation of words from the point of view of language psychology], Hacettepe Üniversitesi, Tezrübi Psikoloji Çalışmaları, F.4
- Foolen, Adrianus P. (2015) «Word valence and its effects/ in Emotion in Language», U.Ludke, Amsterdam: John Benjamins, 241-250.
- Schwarz-Friesel, Monika (2015) «Language and emotion. The cognitive linguistic perspective. In emotion an Language», U. Lüdke (ed.), Amsterdam: John Benjamins, 157-173.
- Türk Dil Kurumu (2020) «VII. Uluslararası Türk Dili Kurultayı 24-28 Eylül 2012», [VII. International Turkish Language Congress 24-28 September 2012], Ankara: Türk Dil Kurumu.
- Альба-Хуэс Л., Ларина Т.В. «Язык и эмоции: дискурсивно прагматический подход» // Вестник РУДН. Серия: лингвистика. 2018, Т.22. № 1. С. 9-37
- Вежбицкая А (2001) «Сопоставление культур через посредство лексики и прагматики языка славянской культуры», [Comparison of cultures through vocabulary and pragmatics], Moscow: Languages of Slavic Culture Publ. (in Russ.).
- Иманалиева Г.К. (2011) Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар, [Emotional expressions in the Kazakh language]. – Алматы: Қазақ университеті, 255 б.
- Исмаилова Л.Г. (2017) Национально-культурная специфика реализации эмотивной регуляции в коммуникативном дискурсе (на материале азербайджанских фразеологизмов): Дисс.на соиск.уч.ст.канд.филол.наук. – М., 228 с.
- Кенесбаев І. (2007) Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, – 356 б.
- Ковшова М.Л. (2012) Лингвокультурологический метод во фразеологии. Коды культуры. – М.,– 456 с.
- Смағұлова Г. (2020) «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда»: монография. – Алматы, – 256 б.
- Сферанский Е.Е. (2015) Культурные коды в сознании и языке: международный сборник научных трудов по лингвокультурологии. – Самара: Самар.гуманит.акад., – 232 с.
- Телия В.Н. (1996) Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Школа «Языки русской культуры», – 288 с.
- Шаховский В.И. (2008) Лингвистика эмоций: основные проблемы, результаты и перспективы // Мир лингвистики и коммуникации: электронный научный журнал. – Т.1. – № 10. – С. 8-12.
- Шаховский В.И. (2010) Эмоции: Долингвистика, лингвистика, лингвокультурология. – М., – 128 с.

References

- Cüceoğlu D. (n.d.), «Dil psikolojisi yönünden kelime türetme», [Derivation of words from the point of view of language psychology], Hacettepe Üniversitesi, Tezrübi Psikoloji Çalışmaları, F.4
- Foolen, Adrianus P. (2015), «Word valence and its effects/ in Emotion in Language», U.Ludke, Amsterdam: John Benjamins, 241-250.
- Imanalieva G.K (2011), «Kazakh tilindegi e'mocionaldy kyrylymdar», [Emotional expressions in the Kazakh language], Almaty: Kazakh universiteti, 255 b
- Ismailova L.G (2017), «Nacional'no-kul'turnaya specifika realizacii e'motivnoj regulyacii v kommunikativnom diskurse (na materiale azerbajdzhanskix frazeologizmov)», [National and cultural specifics of the implementation of emotive regulations in communicative discourse (based on the material of Azerbaijani phraseological units)], Diss.na soisk.uch.st.kand.filol.nauk, 228 b.
- Kenesbaev I (2007), «Kazakh tilinin frazeologiyaluk sozdigi», [Phraseological dictionary of kazakhlanguage], Almaty: KazAqparat, 356 b.
- Kovshova M.L (2012), «Lingvokul'turologicheskij metod vo frazeologii: Kody kul'tury», [Lingvoculturology: Code of culture], 456 b.
- Laura Alba-Juez, Larina Tatiana (2018), «Язык и эмоции: дискурсивно прагматический подход», [Language and emotion: discourse-pragmatic perspectives], Т.22. № 1. С. 9-37

Schwarz-Friesel, Monika (2015), «Language and emotion. The cognitive linguistic perspective. In emotion an Language», U. Lüdke (ed.), Amsterdam: John Benjamins, 157-173.

Shaxovskij V. I (2008), «Lingvistika e'mocij: osnovnye problemy, rezul'taty i perspektivy», [Linguistics of emotions: main problems, results and prospects], Mir lingvistiki i kommunikacii: e'lektronnyj nauchnyj zhurnal, T. I. № 10. S. 8-12.

Shaxovskij V.I (2010), «E'mocii: Dolingvistika, lingvistika, lingvokul'turologiya», [Emotions: Pre-linguistics, Linguistics, linguoculturology], 128 b.

Smagulova G (2020), «Kazakh frazeologiyasy lnnqvistikalyk paradigmalarda monografiyasy», [Kazakh phraseology monograph on linguistic paradigms], Almaty, 256 b.

Stefanskij E.E (2015), «Kul'turnye kody v soznanii i yazyke: mezhdunarodnyj sbornik nauchnyx trudov po lingvokul'turologii / pod red», [Cultural codes in the Minds of language: an international collection of scientific papers on linguoculturology / pod red], Samara: Samar.gumanit.akad, 232 b.

Teliya V.N (1996), «Russkaya frazeologiya. Semanticheskij pragmaticheskij i lingvokul'turologicheskij aspekty», [Russian phraseology. Semantic pragmatic and linguocultural aspects], M: Shkola «Yazyki russoj kul'tury».

Türk Dil Kurumu (2020). «VII. Uluslararası Türk Dili Kurultayı 24-28 Eylül 2012», [VII. International Turkish Language Congress 24-28 September 2012], Ankara: Türk Dil Kurumu.

Wierzbicka, Anna (2001), «Sopostavlenie kul'tur cherez posredstvo leksiki i pragmatiki. Yazyki slavyanskoj kul'tury», [Comparison of cultures through vocabulary and pragmatics], Moscow: Languages of Slavic Culture Publ. (in Russ.)]